

**«Тасшалқар ауылының жалпы білім беретін мекемесі » КММ атындағы
«Балауса» шағын орталығы 2024- 2025 оқу жылының мониторингтің сараптамасы.**

Мемлекеттік стандартты игеру бастапқы мониторингінің сараптамасы

Сараптамаға ересек тобы – 8 бала, ортаңғы топтан 4 бала, кіші топта 2 бала. Барлығы 14 балаға сараптама өткізілді.

Сараптама келесі білім беру салалары бойынша жүзеге асты:

1. Физикалық қасиеттері
2. Коммуникативтік дағдылары
3. Танымдық және зияткерлік дағдылары
4. Шығармашылық дағдыларының, зерттеу ісәрекетінің дамуы
5. Әуеметтік-әмоционалды дағдыларды қалыптастыру
6. Міндеттері:

Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Денешынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командалмен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командалмен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Ересек топтан жоғары деңгеймен- 7 бала, орташа деңгеймен -1 бала, Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 4 бала.. Кіші топта - жоғары деңгеймен 2 бала. Барлығы 14 бала.

Коммуникация дағдылары

Байланыстырып сөйлеудің әртүрлі тәсілдерін меңгеруге жағдай жасау, (сөйлеу және ауызша емес). Ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алуға үйрету. Дыбыстарды анық айтуды, интонацияны, игерген сөздерге дыбыстық талдау жасауды, алуан түрлі заттарды жалпылау мен сипаттауды үйрету.

Балалардың білім деңгейлерін сараптай келе : балалардың қоршаған орта туралы түсінігі бар, бірақта өз ойларын дұрыс толық жеткізе алмайды. Әңгімелерді бірізді айтып беруге тырысады. Кітаптарға қызығушылық танытады. Түрлі сызықтар, штрихтар жүргізуге апайдын көмегімен жасайды. Сөздерді буынға бөлуге тырысады. Туындаған кемшіліктерді жою мақсатында балалармен сөздік ойындар, дыбыстық талдауға қатысты тапсырмалар, сурет бойынша әңгімелеу жұмыстары көбірек жүргізілуде.

Ересек топтан жоғары деңгеймен-8 бала.. Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 4 бала. Кіші топта - жоғары деңгеймен 2 бала.

Барлығы 14 бала.

Танымдық және зияткерлік дағдылары

Қазақстан халқының мемлекеттік рәміздері, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы түсінік беру.

Баланы жанды және жансыз табиғатпен таныстыру мүмкіндіктерін кеңейту, әртүрлі табиғи құбылыстарға назар аудару. Табиғат объектілерін жіктеуге үйрету.

Балалардың санау дағдыларын қалыптастыру. Объектілерді кему және көтеру тәртібімен салыстыруға, геометриялық нысандардың объектілерін ажыратуға және атауға үйрету.

Кеңістіктікте және уақытты бағдарлау дағдылары туралы балалардың білімдерін тереңдету.

Дидактикалық ойындар, ойын жағдайлары, іздеу жағдайлары жасалды.

Ересек топтан жоғары деңгеймен- 8 бала.

Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен - 4 бала. Кіші топта - жоғары деңгеймен 2 бала.

Барлығы 14 бала.

Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс әрекетінің дамуы

Балалардың ұжымдық жұмыс жасау, модельдеу машықтарын қалыптастыру. Өнер және қолөнермен таныстыру.

Біз осындай нәтижелерге жету үшін балаларға суреттің мазмұнын сауатты түрде тандауға үйретіп, көркемдік дидактикалық ойындарда өз еріктерімен түстерді, композицияны тандай алуға баулып, түсті контрасттарды ажырата білуді үйретеміз. Сонымен қатар қайшымен қию машықтарын жетілдірудеміз. Үздіксіз жеке жұмыс жасалады. Әр әрекетте оларға бағыт-бағдар беріліп қосымша тапсырмалар беріледі.

Ересек топтан жоғары деңгеймен- 8 бала..Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 4 бала.

Кіші топта- жоғары деңгеймен 2 бала.

Барлығы 14 бала.

Әуеметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

шыңайылыққа баулу; жанұяға, жануарлар мен өсімдіктерге мейірімділік пен қамқорлық көрсету (жануарларды қорлауға, ағаштарды бұзуға және т.б.)

жақсымен жаманды ажырата білуді.

Үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға үйрету .Балалардың білім деңгейлерін сараптау нәтижесінде төмендегідей қорытындыға келдік, адамның табиғатты қалай сақтауға болатыны туралы біледі,

табиғатта қауіпсіз мінез-құлықтың бастапқы тәжірибесіне ие, сонымен қатар өсімдіктер мен жануарларға күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін біледі. Топтағы табиғат бұрышында күнделікті еңбек етеді. Серуен кезінде құстарға қамқорлық жасау керек екенін айта жүреміз.

Ересек топтан жоғары деңгеймен- 8 бала..Ортаңғы топтан жоғары деңгеймен- 4 бала.

Кіші топта жоғары деңгеймен- 2 бала.

Барлығы 14 бала.

Қорытынды:

Оқыту үдерісінде кеңінен жаңашыл технологияларды қолдану керек;

Жаңа оқу материалын бекіту мақсатында үстел үсті, таратпалы ойындарды қолдану;

Кәсіби шеберлілік;

Жүйелі және жоспарлы жұмыс нәтижесінде жылдың аяғында мемлекеттік стандарттарды игеру деңгейі нормаға сәйкес келеді.

Балалар әлі де мәдени іс-әрекет көріністерін жүзеге толық асыра алмайды. Жасы кішірек балалармен түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Балалардың тілдерін дамыту.